

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№389

2019 жылғы 1 наурыз

Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 22 ақпандағы №249 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін Ақтөбе қаласының Батыс 2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі балалар білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 163-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12717 тіркелген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 1 тамыздағы №5 «Жергілікті атқарушы органдардың 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17318 тіркелген бұйрығына сәйкес және Ақтөбе облысы әкімдігінің бюджеттік комиссиясы отырысының 2019 жылғы 15 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, «Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 22 ақпандағы №249 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін Ақтөбе қаласының Батыс 2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі балалар білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Т.ЕСЕНҒҰЛОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы
1 наурыздағы №389 шешіміне
қосымша

Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы
22 ақпандағы №249 шешіміне
қосымша

2018-2020 жылдарға «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін Ақтөбе қаласының Батыс 2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі балалар білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)	соның ішінде жылдарға		
Функционалдың кіші топ						2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі								
Бағдарлама								
А т а у ы								
1	2	3	4	5	6	7	8	9
04				Білім беру	909 000	306 000	301 500	301 500
		261		Облыстың білім басқармасы	909 000	306 000	301 500	301 500
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	909 000	306 000	301 500	301 500
				соның ішінде:				
				«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін, Ақтөбе қаласының Батыс 2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі балалар білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету»	909 000	306 000	301 500	301 500